2021-2023 жылдарға арналған
«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мен
Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
бастауыш кәсіподақ ұйымы арасындағы
әлеуметтік серіктестік туралы
Ұжымдық шартқа қосымша

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры Иманбалинова Д.Т. бір жағынан мен «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағасы Нұрсапа Х. атынан екінші жағынан, бірлесіп 2021-2023 жылдарға арналған «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мен «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш кәсіподақ ұйымы арасындағы әлеуметтік серіктестік туралы Қосымша ұжымдық шарт жасасты.

2022 жылдың наурыз айының 1-жұлдызындағы № 2-0210-22-00209 «Заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы» Ерейментау ауданының прокуратурасының ұсынуы негізінде төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1. 5.1.13. Қосымша өзгерістер енгізіліп, төмендігідей нұсқада жазылсын:
Үстеме (қосымша) жұмыстарға жіберілмейді:
1) Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтама ұсынған жүкті әйелдер;
2) Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер;
3) Мүгедектер.

2. 5.1.17. Қосымша өзгерістер енгізіліп, төмендігідей нұсқада жазылсын: Ақылы еңбек демалыстарын беру кезегі, жыл сайын күнтізбелік жыл басталғаннан бастап он күннен кешіктірілмей, кәсіподақ ұйымының пікірін ескере отырып, ұйым басшысымен бекітілген еңбек демалыстарының кестесіне және кестесіз демалыстарға сәйкес анықталады.

3. 6.6. Қосымша өзгерістер енгізіліп, төмендігідей нұсқада жазылсын:
Жұмыс берушінің жұмыскерге тәртіптік жаза қолдану туралы актісі жұмыскер мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару уақытына жұмыстан босатылған, жұмыскер іссапарда болған, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың бұзылуына жол берген тұлғаларға қатысты еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілген кезеңде шығарылмайды.